

ӘОЖ 330.113.6

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК МЕХАНИЗМІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЗАҢНАМАЛАРДАҒЫ ҰСЫНЫЛАТЫН ӨЗГЕРІСТЕР

Ибрагимов Мақсат Сағынғалиұлы

ibragimax_98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – э.ғ.к. қауым.профессор Карипова А.Т.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (*әрі қарай* – МЖӘ) – бюджеттік ресурстарға түсетін қысымды азайтатын маңызды тетіктердің бірі. Біздің елде МЖӘ механизмін мемлекеттік сатумен шатастырады. Құзырлық органдар көп жағдайда мемлекеттік сатулармен жұмыс жасағандықтан, МЖӘ заңнамасын дұрыс түсіне бермейді. Мысалы, мемлекеттік сатуларда конкурс уақытында дайын жобалық-сметалақ құжаттама болады. Ал МЖӘ механизмі бойынша, алдын ала конкурс жарияланып, жеңімпаз анықталғаннан кейін ғана жобалық-сметалаық құжаттама анықталады. Осының себебінен, алдыңғы жоба бағасы мен конкурс анықталғаннан кейінгі баға сай келмеуі мүмкін. Құзыретті органдар бұл ерекшелікті біле бермейді, алдыңғы баға мен кейінгі бағаның айырмашылығы болған соң, рұқсатнама бермейді. Осы жағдайда қажетті қадамдардың бірі – Қазақстанның МЖӘ орталығына республикалық және жергілікті органдарға тренингтер өткізуі қажет.

МЖӘ жобаларының жақсы тұстарының бірі – уақыт үнемдеу. Мысалы, мемлекеттік сатулар арқылы салынатын мектептер 22-24 ай салынады, бұл барлығы жоспар бойынша жүрсе. Басқа жағдайларда, 3 жылдан астам салынуы мүмкін (соттық іс-шаралар, жобалық-сметалық құжаттаманы қайта қарастыру, мердігерді ауыстыру, т.б.). Ал МЖӘ механизмі бойынша 12 ай, бұл курстық өзгерістерді алдын алу үшін. Бірақ, көп жағдайда республикалық және жергілікті органдардың МЖӘ заңнамасын дұрыс түсінбегендіктен, конкурстық іс-шаралар нормативке қарсы ұзақ уақытқа созылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта МЖӘ саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әртүрлі МЖӘ жобаларын табысты іске асыруға кедергі болып табылатын бірқатар ұсыныстарды қарауды ұсынамын.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің (бұдан әрі-ҚР ҰЭМ) м.а. №129 және №725 бұйрықтарының (ҚР ҰЭМ 24.09.2020 жылғы № 66 бұйрығына байланысты) 18 және 131 тармақтарындағы түзетулерге сәйкес, жобаның инвестициялық ұсынысқа "Қазақстандық МЖӘ орталығы" АҚ-дан келісім талап етіледі. Бұл келісім жай ғана ұсыныс ретінде қарастырылады. ҚР МЖӘ туралы Заңының 3 және 4 баптарына сәйкес (МЖӘ қағидаттары мен белгілері), бұл келісімге 15 күн ішінде қол қою талап етіледі. Бұл қорытындылар тек ұсынымдық сипатта, сондай-ақ дайын шаблондарды ескере отырып, 15

жұмыс күн емес, ең көбі 5 жұмыс күні талап етіледі. Өйткені бұл құжаттаманы әзірлеу емес, бұл жай ғана тексеру.

Анықтама: 07.01.2020 жылғы АСПИР хаттамасына сәйкес ҚР Ұлттық экономика министрлігі, "Қазақстандық МЖӘ орталығы" АҚ, "Атамекен" ҰКП және сарапшылар қауымдастығы МЖӘ ҚазОрталығының ұсынымдарының міндетті еместігімен келісті.

Бұл түзетулерді ҚР ҰЭМ № 129 және № 725 бұйрықтарынан, сондай-ақ барлық ілеспе НҚА-дан алып тасталуы қажет деген ойдамын, өйткені "Қазақстандық МЖӘ орталығы" АҚ ұсынымдары беру мерзімі бойынша 25 жұмыс күніне дейін созылып кетеді және онда нақты шешім жоқ.

Қазіргі уақытта барлық өңірлердің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармалары әдістемеге сәйкес бюджеттік тиімділік коэффициентін (бұдан әрі – БЭЖ) есептейді және сол арқылы мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асыру түрін – Мемлекеттік сатып алу конкурсын немесе МЖӘ конкурсын анықтауға құқылы.

"МЖӘ туралы" Қазақстан Республикасының заңын жетілдіру бойынша неғұрлым жаһандық мақсаттар мен міндеттерді шешу маңызды. Мысалы, МЖӘ объектілеріне (сыртқы инженерлік желілер, сыртқы аумақты абаттандыру: кірме жолдар мен жолдар, автобус аялдамалары және басқалары) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды (бұдан әрі – ИКИ) жеткізу бойынша мерзімдердің бұзылу тәуекелі бар.

Бұл жағдайда мынадай өзгерістер қажет деп ойлаймын: жаңа пп құру. 57) "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР 04.12.2015 жылғы Заңының 39-бабының 3-тармағында және мынадай редакцияда жазылсын: "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын демпингтік бағаны айқындау үшін шекті мәннің бағасы бойынша жекеше әріптестен МЖӘ объектілерін пайдалануға беру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу".

Мысал ретінде мектептерді салу кезінде, айналадағы ИКИ салу үшін бөлек мемлекеттік сатулар ұйымдастырылады. Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік сатулар өте ұзақ процесс. Ұсынылатын өзгеріс бойынша, ИКИ құрылысы да демпингтік бағаға жеке әріптеске берілсе, барлық жобалар уақытылы тапсырылады.

Әсері:

- МЖӘ объектілерін сыртқы инженерлік желілермен және автожолдармен бірлесіп пайдалануға уақтылы енгізу;

- МЖӘ объектілеріне сыртқы инженерлік желілер мен автожолдарды жүргізу жөніндегі жаһандық проблеманы шешу;

- бюджеттік рәсімдердің мерзімдерін оңайлату тетігін құру: мердігерді жобалау және айқындау мерзімдері.

Сондай-ақ, жинақталған тәжірибені ескере отырып, МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын орталық салалық мемлекеттік органмен келісу бойынша ҚР ҰЭМ № 725 Бұйрығының 21-тармағының талабын алып тастауды жөн көремін. Тіпті егер барлық мемлекеттік міндеттемелерді ескере отырып, жобаның құны 4 млн. АЕК-тен асатын болса да, жобалар негізінен өңірлік және салалық министрліктер салалық қорытындыларды келісу және беру мерзімдерін сақталмайды (10 күн 3 айға созылады).

Мысалы, білім беру саласында, ҚР БҒМ жанындағы "Қаржы орталығы" АҚ-нан мектептер мен студенттік жатақханалар салу кезінде жобалық қуаттан әрбір құрылған оқушы орны үшін 96 АЕК-тен және әрбір төсек-орын үшін тиісінше 122 АЕК-тен мемлекеттік білім беру тапсырысы беріледі.

Бұл жағдайда жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі-ЖАО) салалық министрліктен салалық қорытынды ЖАО-ның осы тапшылықты жабу ниетіне ешқандай әсер етпейді.

Сондай-ақ, 2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің ел халқына үндеуінде былай деді:

"Тағы бір мәселе - жаппай бюрократия. Ол азаматтарда мемлекеттік аппарат туралы баяу, немқұрайлы машина ретінде идеяны дұрыс қалыптастырады. Бюрократия - реформаларды сапасыз жүзеге асырудың басты себептерінің бірі. Бұл аурудан бәрімізді

емдеуге тура келеді. Басымдық форма емес, мазмұн болуы керек. Есеп үшін Есеп және бақылау үшін бақылау өткенге айналуы керек. Соңғы нәтиже процесстен гөрі маңызды. Нақты шешімдерді негізсіз қиындататын және баяулататын барлық процестерді жою керек".

"МЖӘ туралы" ҚР Заңы мен оның Нормативтік-құқықтық актілерін (бұдан әрі – НҚА) дұрыс түсіну үшін барлық қадағалау органдарына (есеп комитеті, Ішкі мемлекеттік аудит департаменті, прокуратура, Президент әкімшілігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі және т.б.) оқыту жүргізсе, мемлекеттік органдардың тиімділігі жоғарлайды деп ойлаймын.

МЖӘ жобаларын бағалаудың бүкіл мәні Бюджеттік-инвестициялық жобаларды (бұдан әрі – БИЖ) өткізу нормалары мен қағидаларына бағдарланған, онда іс – қимыл алгоритмі Мемлекеттік сатып алу тетігі (бұдан әрі-МС) арқылы іске асырылған жобалармен салыстырылады, бұл түбірімен қате белгі болып табылады.

НҚА иерархиясы бойынша "МЖӘ туралы" және "МСА туралы" ҚР екі заңы да тең мәнді болып табылады және осы НҚА-ның ешқайсысы аса маңызды және/немесе басты болып табылмайды.

Бұдан басқа, "МЖӘ туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 4-тармағында: "жекеше әріптесті айқындау, МЖӘ шартын жасасу, орындау және тоқтату, сондай-ақ мемлекеттің тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің белгілі бір көлемін тұтынуы рәсімдері осы Заңға және МЖӘ-нің жекелеген түрлерін регламенттейтін өзге де НҚА-ға сәйкес жүзеге асырылады" -деп нақты жазылған.

Осылайша, жоба қызметін барлық бағалау МС рәсімдерімен байланысты жобаларды іске асыру тәжірибесіне келтірілген, бірақ ҚР ҰЭМ № 725 Бұйрығының 122-123 және 76-тармақтарына сәйкес емес, онда екі кезеңдік конкурстық рәсімдерді өткізудің барлық қадамдары нақты жазылған.

ҚР ҰЭМ № 725 Бұйрығының 76-тармағының 7) тармақшасына сәйкес "екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс өткізуді көздейтін МЖӘ жобалары бойынша:

- Конкурсстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен (бұдан әрі – ӘЖӘ) ТЭН не ЖСҚ енгізу мерзімдерін нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді-бұл 6 айдан 18 айға дейін созылуы мүмкін, мұнда "Мемсараптама" ШЖҚ РМК қорытындысы шыққаннан кейін ғана түсінуге болады, бұл күнтізбелік жылдың тоқсаны қандай және құрылыс материалдары құнының нарығы қандай, өйткені болашақта айтарлықтай инфляциялық секірулер, сондай-ақ құрылыс материалдарының күрт қымбаттауымен девальвация болады;

- ТЭН немесе ЖСҚ енгізілгеннен кейін (ведомстводан тыс кешенді сараптама нәтижелерін қоса алғанда, қажетті сараптамалар нәтижелерін қоса бере отырып) Комиссия МЖӘ жобасын және МЖӘ шартының талаптарын нақтылау бойынша ПБӨ – мен келіссөздер жүргізеді, келіссөздердің тиісті хаттамасын ресімдей отырып - "Мемсараптама" ШЖҚ РМК-дан жобаның құны тіркелгеннен кейін ғана ТЭН және/немесе ЖСҚ енгізіледі және бастапқы ТЭН түзетіледі. қаржы-экономикалық модельдегі Сан (бұдан әрі – МЖӘ) жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің барлық лимиттері ҚР ҰЭМ № 725 бұйрығының № 7 қосымшасына сәйкес МЖӘ жобаларының құнын айқындау әдістемесіне сәйкес қайта есептеледі.

Нәтижесінде, МЖӘ жобасының қорытынды құны бюджеттік бағдарлама әкімшісінің инвестициялық ұсынысында көрсетілген жобаның алдын ала құнымен бірдей бола алмайды.

МЖӘ механизмі қазіргі таңда мектеп салынууда кең қолданылады. Елдегі оқушы орындарының дефицитін ескере отырып, МЖӘ іс-шараларының ұзақ болуы емес, одан әрі жылдамдату жолдарын қарастыру қажет. Ұсынылған заңнамалардағы өзгерістер жеке серіктестердің МЖӘ механизміне қызығушылығын одан әрі арттыруы әбден мүмкін. Елдегі бюджетке қысымды әлсіз қылу үшін инвестициялар өте маңызды болып келеді.

Ұлттық экономика министрлігі қазіргі уақытта МЖӘ туралы заңға өзгертулер енгізу мәселесін талқылауда. Ұсынылатын өзгерістер бойынша, жеке серіктеске жобаны

эксплуатациялау уақыты азайтылып, инвестициялық шығындардың компенсациясын алып тастау көзделеді. Менің ойымша ҰЭМ ұсыныстары жеке серіктестің МЖӘ-ке қызығушылықты төмендетеді. Жеке серіктестің азаюы – инвестициялардың төмендеуі. Ал менің жоғарыда ұсынған өзгертпелер МЖӘ түсінігін көп өзгертпей, заңнаманы да толықтай ауыстырмайды. Инвестициялау жүйесіндегі басты мәселе – жеке серіктестердің қызығушылығын арттыру. Осы ұсыныстар қолға алынса, аталған мақсатымызға қол жеткіземіз деген сенімдемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ;
2. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ;
3. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы;
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы;
5. ҚР Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2022 ж. 11 қаңтарындағы халыққа жолдауы;
6. «Binom Schools» ЖСШ директоры Габдулин А. Е. мониторинг кеңесіне арналған үндеуі.